

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КӨЛІК МИНИСТРЛІГІНІҢ  
АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ КОМИТЕТІ**  
**МИНИСТЕРСТВО ТРАНСПОРТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
КОМИТЕТ АВТОМОБИЛЬНЫХ ДОРОГ**

---

---

**ВЕДОМСТВОЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ**  
**ВЕДОМСТВЕННЫЙ СВОД ПРАВИЛ**

**ҚАРЫЗДЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ КЕЗІНДЕ  
КОНСУЛЬТАНТТАР ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚҰНЫН АЙҚЫНДАУ**

**ҚР ВЕЖ 4.1.4-001-2024**

**ОПРЕДЕЛЕНИЕ СТОИМОСТИ УСЛУГ  
КОНСУЛЬТАНТОВ ПРИ РЕАЛИЗАЦИИ ЗАЙМОВЫХ ПРОЕКТОВ**

**ВСП РК 4.1.4-001-2024**

**Ресми басылым**  
**Издание официальное**

**Астана 2024**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КӨЛІК МИНИСТРЛІГІНІҢ  
АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ КОМИТЕТІ**

---

---

**ВЕДОМСТВОЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ**

**ҚАРЫЗДЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ КЕЗІНДЕ  
КОНСУЛЬТАНТТАР ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚҰНЫН АЙҚЫНДАУ**

**ҚР ВЕЖ 4.1.4-001-2024**

**Ресми басылым**

**Астана 2024**

**Алғысөз**

- |          |  |   |
|----------|--|---|
| <b>1</b> | <b>ӘЗІРЛЕДІ</b>                                | «Қазақстан жол ғылыми-зерттеу институты» акционерлік қоғамы<br>(«ҚазжолҒЗИ» АҚ)   |
| <b>2</b> | <b>БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ<br/>ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ</b> | ҚР Көлік Министрлігі Автомобиль жолдары комитеті төрағасының м.а.<br>«12» желтоқсандағы 2024 жылғы № 152 бұйрығымен.  |
| <b>3</b> | <b>КЕЛІСІЛДІ</b>                               | «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ<br>«05» желтоқсандағы 2024 жылғы № 03-01/12-01/4025-И хатымен.<br><br>«Жол активтерінің ұлттық сапа орталығы» ШЖҚ РМК<br>«05» желтоқсандағы 2024 жылғы № 03/1988 хатымен. |

## Мазмұны

1	Қолдану саласы.....	4
2	Нормативтік сілтемелер.....	4
3	Терминдер мен анықтамалар.....	7
4	Қысқартулар тізімі.....	8
5	Жалпы ережелер.....	8
6	Негізгі қағидаттар.....	12
7	Тартылатын сарапшылар қызметтерінің құнын есептеу.....	13
8	ЖБК және ҚҚК қызметтерінің құнын есептеу.....	13
9	Жоба бойынша мониторинг және шығындарды асқару қызметтерінің құнын есептеу.....	17
10	Институционалдық даму жөніндегі қызметтер.....	20
11	Қорытынды ережелер.....	24
	1– қосымша.....	25
	Библиография.....	27

## ВЕДОМСТВОЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ

### ҚАРЫЗДЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ КЕЗІНДЕ КОНСУЛЬТАНТТАР ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚҰНЫН АЙҚЫНДАУ

#### 1 Қолдану саласы

Осы ведомстволық ережелер жиынтығының (бұдан әрі – ВЕЖ) күші Қазақстан Республикасында жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын салу/қайта құру және жөндеу үшін қаржы институттарының тартылған қарыздары шеңберінде көрсетілетін консультациялық қызметтерге қолданылады.

ВЕЖ автомобиль жолдары саласында реттеу және іске асыру функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар, кәсіпорындар мен ұйымдар өз құзыреті шегінде қолданады.

Осы ВЕЖ сипатталған қағидаттар, ережелер мен рәсімдер қаржы институттарының қарыздары есебінен толық немесе ішінара қаржыландырылатын консультациялық қызметтерге арналған барлық келісімшарттарға қолданылады.

#### 2 Нормативтік сілтемелер

2.1. Осы ВЕЖ мынадай нормативтік– техникалық құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

«Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Қазақстан Республикасындағы Еуропалық Қайта Құру және даму банкінің ынтымақтастығы мен қызметіне қатысты келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 ақпандағы № 172– V Заңы.

«Әріптестік туралы негіздемелік келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 14 мамырдағы № 328– VI Заңы (Қазақстан Республикасының экономикалық әртараптандыру, орнықты даму және жан– жақты өсу мақсатында ынтымақтастықты күшейту жөніндегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Азия Даму Банкі арасындағы әріптестік туралы негіздемелік келісімге енгізілген 2014 жылғы 4 мамырдағы түзетулер мен толықтырулар).

«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі № 242– II Заңы.

«Автомобиль жолдары туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі № 245 Заңы.

Бюджет қаражаты есебінен, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығындарды өтеу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы № 256 қаулысы.

«Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын әзірлеу немесе түзету, оған қажетті сараптамаларды жүргізу, сондай– ақ бюджеттік инвестицияларды жоспарлау, қарау, іріктеу, іске асырылуын мониторингілеу және бағалау және бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 129 бұйрығы.

Дүниежүзілік банктің қарыз алушыларының ХҚДБ қарыздары мен ХДҚ кредиттері және гранттары бойынша консультанттарды іріктеу және жалдау жөніндегі басшылығы, Халықаралық Қайта Құру және Даму банкі, 2011 жыл.

АДБ қарыз алушылары үшін тауарларды, жұмыстарды, консультациялық және өзге де (консультациялық емес) қызметтерді сатып алу жөніндегі басшылық, Азия Даму Банкі, 2017ж..

IsDB жобаларын қаржыландыру шеңберінде консультациялық қызметтерді сатып алуға арналған нұсқаулықтар, Ислам Даму Банкі, 2018ж..

Қызметтік іссапарларға арналған шығындарды бюджет қаражаты есебінен, оның ішінде шет мемлекеттерге өтеу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы № 256 қаулысы.

ҚР ККМ АЖК мен «SNC Lavalin International Inc.» «ҚазжолҒЗИ» АҚ– мен бірлестікте жасалған 08.12.2009 ж. №2009– WB/PMC консультант қызметтеріне арналған келісімшарт.

ҚР ИДМ АЖК мен Dongsung Engineering Co., LTD & Dasan Consultants Co., LTD бірлескен кәсіпорны арасындағы 2018 жылғы сәуірдегі №2017– 1– WB/CS консультациялық қызметтерге арналған келісімшарт.

«ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ мен «Dohwa Engineering и Co., LTD және «M50 Consulting Group» ЖШС» арасындағы 06.05.2022 ж. №EBRD/CSC/1– 05/2022, 06.05.2022 ж. №EBRD/CSC/2– 05/2022, 06.05.2022 ж. №EBRD/CSC/3– 05/2022 консультациялық қызметтер көрсетуге арналған келісімшарттар.

ҚР ИДМ АЖК мен DONGSUNG Engineering Co., LTD «Жол– Сапа» қосалқы мердігерімен бірлесіп консультациялық қызметтер көрсетуге арналған 06.09.2017 ж. №01– ABD/CSC– 2017 келісімшарт.

ҚР ККМ АЖК және «Жол– Сапа» ЖШС арасында 2013 жылғы 22 сәуірдегі №001– ABD/PMC– 2013 консультациялық қызметтерге арналған келісімшарт.

«ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ мен «ҚазжолҒЗИ» АҚ арасында «Alash Orda Consulting Group» ЖШС қосарлы консультантымен бірлесіп жасалған 2021 жылғы 15 қарашадағы №01– PIS/EBRD– 2021 консультациялық қызметтер көрсетуге арналған келісімшарт.

ҚР ККМ АЖК мен «MINCONSULT SDN BHD» арасында «КК ҒЗИ» ЖШС– мен бірлесіп жасалған консультациялық қызметтерге арналған 23.12.2009 ж. №01– IDB/PMC– 2009 келісімшартты.

ҚР ККМ АЖК және «SAI Consulting Engineers Pvt. Ltd.» «BEETS Consulting Services Ltd.», «CAIC Consulting», «UBI Consulting» бірлесіп жасалған консультациялық қызметтерге арналған келісімшарт.

ҚР ИИДМ АЖК мен «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ арасында 2019 жылғы мамырдағы №EWRP/PMC– 2019 консультациялық қызметтер көрсетуге арналған келісімшарт.

ҚР ККМ АЖК және «ҚазжолҒЗИ» АҚ арасында «САПА– СЗ» ЖШС қосалқы консультантымен бірлесіп жасалған консультациялық қызметтерге арналған 21.08.2013 ж. Келісімшарт.

«ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ мен «ҚазЖолҒЗИ» АҚ арасында «Alash Orda Consulting Group» ЖШС қосарлы консультантымен бірлесіп жасалған консультациялық қызметтер көрсетуге арналған 27.01.2022 ж. № EBRD/PIS– 01/2022 келісімшарт.

«ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ мен «SMEC International Ptv. Ltd» арасында консультациялық қызметтер көрсетуге арналған 03.12.2021 ж. №01– PIS/EBRD– 2021 келісімшарт».

ҚР ИДМ АЖК мен «IRD Engineering S. R. L.» арасындағы консультациялық қызметтер көрсетуге арналған 20.12.2017 ж. №2017– 1– WB/CS келісімшарт.

«ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ мен Dongsung Engineering Co., LTD арасындағы ZS Engineering LLP қосарлы консультант бірлесіп жасалған консультациялық қызметтер көрсетуге арналған 30.10.2020 ж. №CSC– AKRP/C S/QCBS01 келісімшарт.

ҚР ИДМ АЖК мен DONGSUNG Engineering Co., LTD арасында «Жол– Сапа» ЖШС бірлесіп консультациялық қызметтер көрсетуге арналған 06.09.2017 ж. №02– ABD/CSC– 2017 келісімшарт.

«ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ мен «Renardet S. A.», «Aarvee Associates Architects Engineers & Consultants Pvt. Ltd.» және «ZS Engineering» ЖШС бірлескен кәсіпорны арасындағы консультациялық қызметтер көрсетуге арналған 22.01.2020 ж. №03– CSC/EBRD– 2019 келісімшарт (693– 753шқ, 753– 833шқ телімдер).

«ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ мен «Renardet S. A.» және «Aarvee Associates Architects Engineers & Consultants Pvt. Ltd.» бірлескен кәсіпорны арасындағы 26.09.2019 ж. №01– CSC/EBRD– 2019 консультациялық қызметтер көрсетуге арналған келісімшарт (616– 648шқ, 648– 693шқ телімдер).

«ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ мен «Egis International» бірлескен кәсіпорны мен «CS Consultants» ЖШС арасында консультациялық қызметтер көрсетуге арналған 2019 жылғы 14 қарашадағы №02– CSC/EBRD– 2019 шарт.

ҚР ИИДМ АЖК мен «Isan Corporation» арасында «Жол– Сапа» ЖШС қосалқы консультантымен бірлесіп консультациялық қызметтер көрсетуге арналған 2019 жылғы наурыздағы № EWRP/QCBS/CWSPN/ 01– 2017 келісімшарт.

ҚР ИИДМ АЖК мен «Swedish National Road Consulting AB» және «Qazaq Research Institute for Road Traffic Safety» қосалқыконсультантпен бірлестікте жасалған консультантының қызметтеріне арналған 30.12.2019 ж. № EWRP/QCBS– 2019/EURISAP келісімшарт.

ҚР ИИДМ АЖК мен «SPT– Studi e Pianificazione del Territorio S. R. I.» бірлескен кәсіпорны мен «ҚазЖолҒЗИ» АҚ арасында 15.01.2020 ж. №CSP – 03 консультациялық қызметтер көрсетуге арналған келісімшарт.

ҚР ККМ АЖК мен «ISAN Corporation» арасында Корея Көлік институтымен бірлестікте, «Daeyeong Ubitech Co.Ltd» және «Дортранс» ҚазҒЗжЖИ» ЖШС арасындағы консультациялық қызметтерге арналған 02.12.2011 ж. №01– ADB/ITS– 2011 келісімшарт.

ҚР ККМ АЖК және «Egis Becom International» арасында консультациялық қызметтер көрсетуге арналған 2011 жылғы ақпандағы №2009– WB/ISCS келісімшарт.

ҚР ИДМ АЖК мен «Grusamar Ingeneria y Consulting S. L. U», «Ciesm– Intevia S.A. Unipersonal» және «Central Asia International Consulting» бірлескен кәсіпорны арасындағы консультациялық қызметтерге арналған 15.02.2016 ж. № EWRP/CS– 01– 2016 келісімшарт.

ҚР ККМ мен Халықаралық қаржы корпорациясы арасында 29.10.2012 ж. нөмірсіз консалтингтік қызметтер көрсету туралы келісім.

ҚР ИДМ АЖК мен «S. P. T.– STUDI E PIANIFICAZIONE del TERRITORIO– S. R. I.» арасындағы «Asia Great» қауымдастықта консультациялық қызметтер көрсетуге арналған 01.04.2015 ж. №SWRP– CS– 2013/Road Assets Mngmnt келісімшарт.

ҚР ИИДМ АЖК мен «S. P. T.– STUDI E PIANIFICAZIONE del TERRITORIO– S. R. I.» арасындағы консультациялық қызметтер көрсетуге арналған 13.12.2019 ж. №SWRP – CS– 2019/ROADSAFETY келісімшарт.

ҚР ИИДМ АЖК және «JV CONSULTING ENGINEERS GROUP LTD. (CEG) & INGEROSEC CORPORATION (ISEC)» бірлескен кәсіпорны арасындағы 19.10.2020 ж. №EWRP/QCBS– 2020/RoadSectorReform келісімшарт.

ҚР ККМ АЖК мен «Roughton International Ltd.» және «DBUK» қосалқы консультант арасындағы консультант қызметтеріне арналған 08.02.2010 ж. №2009– 1 – WB/CS келісімшарт.

ҚР ККМ АЖК және «DONGSUNG Engineering Co., LTD» және «Жол– Сапа» ЖШС– мен бірлесіп жасалған консультант қызметтеріне арналған 12.02.2010 ж. №2009– 2 – WB/CS келісімшарт.

ҚР ККМ АЖК мен «Isan Corporation» және «Жол – Сапа» ЖШС бірлесіп жасалған консультант қызметтеріне арналған 12.02.2010 ж. №2009– 4– WB/CS келісімшарт.

ҚР ККМ АЖК мен «Каздорпроект» ЖШС арасындағы консультант қызметтеріне арналған 12.02.2010 ж. №2009– 3– WB/CS келісімшарт.

### 3 Терминдер мен анықтамалар

Осы ВЕЖ тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер пайдаланылады:

**Автомобиль жолы** – автомобильдердің және басқа да көлік құралдарының белгіленген жылдамдықпен, жүктемелермен, габаритпен үздіксіз, қауіпсіз жүрісін қамтамасыз ететін, автомобильдер жүрісіне арналған инженерлік құрылыстар кешені, сондай– ақ осы кешенді орналастыру үшін берілген жер учаскелері (көлік жерлері) және олардың үстіндегі белгіленген габарит шегіндегі әуе кеңістігі

**Қарыз алушы** – халықаралық стандарттарға сәйкес келетін және орнықты дамудың ұзақ мерзімді мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған маңызды жобаларды іске асыру үшін қарыз қаражатын тартатын жауапты тарап.

**Тапсырыс беруші** – дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, сондай– ақ мемлекеттік кәсіпорындар, заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар, сондай– ақ автомобиль жолдарын салуды жүзеге асыру үшін қаражат (немесе осы мақсаттар үшін өз қаражаты бар) бөлінетін шаруашылық қызмет субъектілері.

**Институционалдық даму** – бұл олардың тиімділігін, тұрақтылығын және экономика, басқару, әлеуметтік даму және т.б. секілді әртүрлі салаларда алға қойылған мақсаттарға жету қабілетін арттыруға бағытталған институционалдық құрылымдар мен механизмдерді жетілдіру және нығайту үдерісі. Бұл үдеріс ұйымдардың мінез– құлқын анықтайтын және әлеуметтік– экономикалық өзгерістерге қолдау көрсететін ресми және бейресми ережелерді, процедураларды, мәдени нормалар мен құрылымдарды қалыптастыруды немесе қайта құруды қамтиды.

**FIDIC келісімшарты** – халықаралық инвестициялық құрылыс қызметіне қатысушылардың қарым– қатынасын реттеу мақсатында инженер– консультанттардың халықаралық қауымдастығы әзірлеген бірыңғай құжаттар. FIDIC типтік келісімшарттарының бірінің белгілі бір басылымын пайдалану қаржы институттарының олар қаржыландыратын құрылыс жобаларындағы талабы болып табылады.

**Консультанттарды іріктеу және жалдау жөніндегі басшылық** – қарыз туралы келісімнің ережелеріне сәйкес жоба үшін консультанттарды іріктеу, жалдау саласындағы қаржы институттарының саясаты мен рәсімін айқындайтын құжат.

**Қаржы институттары** – заңды тұлғалар, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар.

**Халықаралық келісімшарттарда тәжірибесі бар сарапшы** – бұл халықаралық аренада жұмыс істейтін, трансшекаралық жобаларға қатысатын, халықаралық стандарттарға сәйкес кеңес беретін, өзінің кәсіби саласын терең түсінетін, мәдениетаралық құзыреттілікке ие және шешімдерді жаһандық және жергілікті жағдайларға бейімдеу қабілетіне ие, халықаралық аренада жұмыс істейтін, білімі мен тәжірибесі жоғары танылған маман, бұл оның ұсынымдарын құнды етеді және әлемдік талаптар мен нормаларға сәйкес келтіреді.

**Жергілікті келісімшарттарда тәжірибесі бар сарапшы** – бұл біздің елімізде жұмыс істейтін өзінің кәсіби саласында терең білімі мен тәжірибесі бар білікті маман.

**Айлық есептік көрсеткіш (АЕК)** – жәрдемақылар мен өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ тиісті жылға арналған бюджет туралы заңда белгіленген Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдануға арналған коэффициент.

**Нормативтік-техникалық құжаттар** – Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы мемлекеттік және салалық стандарттар, техникалық шарттар, салалық басшылық құжаттар, ережелер және т.б.

**Мердігер** – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тапсырыс берушімен жасалатын қызметтің тиісті түріне тиісті рұқсаты (лицензиясы, аккредиттеуі және т.б.) бар заңды тұлға.

#### **4 Қысқартулар тізімі**

ВЕЖ – ведомстволық ережелер жинағы;  
ЖБК – жобаны басқару бойынша консультант;  
ҚҚК – құрылысты қадағалау жөніндегі консультант;  
ИК – институционалдық компонент;  
ҚТК – қаржылық-техникалық кеңесші;  
ҚР ККМ АЖК – Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті;  
ҚР ИИДМ АЖК – Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті;  
ҚР ИДМ АЖК – Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті;  
ХҚДБ – Халықаралық Қайта құру және Даму банкі;  
ХДҚ – Халықаралық даму қауымдастығы;  
АДБ – Азия Даму Банкі;  
IsDB/ИДБ – Islamic Development Bank / Ислам Даму Банкі;  
«ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ – «ҚазАвтоЖол» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы;  
«ҚазжолҒЗИ» АҚ – «Қазақстан жол ғылыми-зерттеу институты» акционерлік қоғамы;

#### **5 Жалпы ережелер**

5.1 Қаржы институттарында мемлекеттік және мемлекеттік емес қарыздарды алған кезде қарыз алушы мен қаржы институты арасында қарыз туралы келісім жасасудың негізгі шарттарының бірі техникалық көмекке, тауарларды сатып алуға, оқытуға, жобаны басқару және сүйемелдеу жөніндегі консультациялық қызметтерге (бұдан әрі – ЖБК), институционалдық даму, сондай-ақ жобаның құрылысын қадағалау (бұдан әрі – ҚҚК) жөніндегі қызметтерге арналған шығындарды бюджетке міндетті түрде қосу болып табылады.

5.2 Осы ВЕЖ қаржы институттары беретін қарыздар есебінен қаржыландырылатын инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға қатысатын тартылатын сарапшыларға шығындарды, міндеттерді және талаптарды сипаттайды.

5.3 ЖБК мақсаты жобаны іске асырудың тиімділігін арттыру, құрылыс жобаларын басқару тәжірибесі бар сарапшылардың көмегімен Қарыз алушының қызметін қолдау болып табылады.

5.4 Негізгі функциялары – жобаны іске асырудың тиімділігін арттыру, жобалау компаниясын қолдау және жоба бойынша жұмыстардың мониторингі.

5.5 ЖБК жоба жетекшісі қаржы институттарының типтік стандарттарына сәйкес біліктілік пен тәжірибенің мынадай талаптарына сәйкес келуі тиіс:

Құрылыс саласында жоғары бейінді білімі бар лицензияланған инженер–құрылысшы;

Жол құрылысындағы тәжірибесі кемінде 15 жыл, оның ішінде 5 жыл – жол жобаларын басқару;

Жоба жетекшісі ретіндегі кемінде екі жол инвестициялық жобадағы тәжірибе;

Ұқсас сипаттағы сәтті аяқталған жобалардың тәжірибелік тізімі;

FIDIC сертификаттарының, сондай– ақ оларды кемінде 5 жыл қолданудың расталған практикалық тәжірибесінің болуы;

FIDIC келісімшарттары шеңберінде жолдарды жобалау мен салудың әртүрлі халықаралық стандарттарын білуі;

Құрылыс жұмыстарына, әсіресе жол құрылысына қатысты келісімшарттар бойынша талаптарды шешуде және дауларды шешуде айтарлықтай тәжірибе;

Ұқсас географиялық аудандардағы жұмыс тәжірибесі;

Жазбаша және ауызша ағылшын тілін білу;

Жергілікті тілді білу (артықшылық ретінде қарастырылады);

Тәуекелдер мен бюджетті басқару дағдылары;

Расталған жалықаралық тәжірибе.

5.6 ҚҚК мақсаты – жұмыстардың сапасын қажетті бағалау мен бақылауды жүргізу, жобалау шешімдерін түзетуді қоса алғанда, барлық инженерлік шешімдерді үйлестіру, қажет болған жағдайда немесе егер бұл келісімшартты тиісінше орындау үшін қажет болған жағдайда.

5.7 Негізгі функция – орындалатын жұмыстардың сапасы мен қауіпсіздігін бақылауды қоса алғанда, жобаны іске асыруда тапсырыс берушіні қолдауды қамтамасыз ету.

5.8 Біліктілікке қойылатын талаптар – ұқсас жобаларда айтарлықтай жұмыс тәжірибесінің болуы және инженер–резиденттің функцияларын сәтті орындауы.

5.9 ҚҚК тобының басшысы біліктілік пен тәжірибенің мынадай талаптарына сай болуы тиіс:

Дамушы елдердегі тапсырмаларды қоса алғанда, кемінде 15 жылдық тәжірибесі бар инженер–жолшы;

Басшылық лауазымдарда кемінде 7 жыл жұмыс тәжірибесі;

Асфальтбетон және цементбетон жамылғысы бар автожолдардың құрылыс жұмыстарын қадағалаудағы кең тәжірибе;

FIDIC келісімшарттарын терең білу және оларды кем дегенде 10 жыл бойы қолданудың дәлелденген практикалық тәжірибесі.

5.10 Мониторинг және шығындарды басқару мақсаты (қаржы–техникалық консультант) келесілер болып табылады:

– жоба бойынша шығындардың негізділігін, уақтылығы мен шығындар сметасына сәйкестігін бақылау;

– Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жоба бойынша барлық қажетті құжаттаманың болуын бақылау;

– үшінші тұлғалармен (жеткізушілер, мердігерлер және басқалар) жасалған шарттардың/келісімшарттардың талаптарына сәйкес орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және жеткізілетін жабдықтың сапасын қоса алғанда, жобаны іске асыру шеңберінде Қарыз алушы жасаған шарттардың/келісімшарттардың тиісінше орындалуын бақылау.

5.11 Мониторинг және шығындарды басқару жөніндегі қызметтің негізгі міндеттері (қаржы– техникалық консультант):

5.11.1 Шығындарды мониторингілеу және басқару:

Жоба бойынша шығындар сметасын бақылау: бекітілген шығындар сметасы бойынша ұсыныстар беру және функциялары мен өкілеттіктерін тексеру үшін келісімшарттардың барлық қатысушыларының міндеттерін талдау;

Шарттардың талаптарын тексеру және бағалау: мердігерлермен/жеткізушілермен жасалған немесе жоспарланған келісімшарттардың Қазақстан Республикасының заңнамасына, шығындар сметасына және жобаны қаржыландыру шарттарына сәйкестігін талдау.

5.11.2 Техникалық және жобалық құжаттама:

Техникалық және жобалау– сметалық құжаттаманы тексеру, қоса алғанда:

жобалау– сметалық құжаттама;

техникалық ерекшеліктер және жұмыстарды орындау кестесі;

мемлекеттік органдардан рұқсат беру құжаттары.

Материалдардың сапасын бақылау: құрылыс материалдары мен жабдықтардың нормативтік талаптарға сәйкестігін тексеру.

5.11.3 Құрылыс жұмыстарының орындалуын бақылау:

Материалдар мен жабдықтарды сақтау және сақтау ережелерінің сақталуын бақылау;

Геодезиялық сұлбалар мен құрылымдардың дәлдігін бағалауды қоса алғанда, атқарушылық құжаттаманы тексеру;

Сәулет және құрылыс саласындағы жобалық шешімдердің, құрылыс мерзімдері мен нормативтердің талаптарының сақталуын бақылау;

Мердігердің қауіпсіздік техникасы, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау қағидаларын сақтауын қамтамасыз ету;

Жұмыстарды жүргізу қарқынын, нысандарды материалдық ресурстармен, техникалық құралдармен және білікті жұмыс күшімен жинақтауды бағалау.

5.11.4 Өзгерістер мен тәуекелдерді басқару:

Өзгерістерді құжаттай отырып, жобалау– сметалық құжаттамадағы ақауларды жоюды бақылау;

Құнның қажеттілігі мен негізділігіне қосымша жұмыс көлемін талдау;

Жобаны іске асыруға әсер ететін тәуекелдерді бағалау және оларды төмендету жөніндегі ұсынымдар.

5.11.5 Есептілік және қаражаттың мақсатты пайдаланылуын растау:

Бекітілген шығындар сметасы шеңберінде қарыз қаражатының пайдаланылуын бақылау;

Жобаның іске асырылу барысы туралы тұрақты ай сайынғы есептерді дайындау, жоспарлы шығындармен салыстырғанда нақты шығындарды талдау, растайтын құжаттар мен фото есептерді ұсыну;

Орындалған жұмыстарды, жеткізілген жабдықтарды және олардың жобалық құжаттамаға сәйкестігін растай отырып, жоба аяқталғаннан кейін қорытынды есепті дайындау.

5.12 Институционалдық даму ұйымдар мен құрылымдардың сыртқы өзгерістерге бейімделу, өз функцияларын тиімді іске асыру, сондай– ақ қоғамның тұрақты әлеуметтік– экономикалық дамуына ықпал ету қабілетін арттыруға бағытталған.

Институционалдық дамудың негізгі компоненттері:

Ұйымдастырушылық өзгерістер:

Ұйымдарды құру немесе қайта құру;

Олардың басқарылуын, тиімділігін және ашықтығын арттыру;

Қызметкерлердің дағдылары мен біліктілігін дамыту;  
Сыртқы және ішкі мүдделі тараптармен өзара іс– қимыл тетіктерін жақсарту.  
Саясатты әзірлеу және бейімдеу;  
Қолданыстағы саясатты жетілдіру;  
Институционалдық тұрақтылықты және өзгерістерге бейімделуді нығайтатын жаңа тәсілдерді құру.

Құқықтық және нормативтік жетілдіру;  
Құқықтық базаны және нормативтік актілерді қалыптастыру;  
Ұйымдардың қызметін реттеу;  
Мақсаттарға қол жеткізуге ықпал ететін түрлі топтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау.

Адам әлеуетін нығайту;  
Қызметкерлердің білімін, дағдылары мен құзыреттерін дамыту;  
Оқыту және біліктілікті арттыру;  
Тиімділік пен уәждемені бағалау жүйесін енгізу.  
Инфрақұрылым мен технологияларды дамыту;  
Техникалық құралдармен қамтамасыз ету;  
Ұйымдардың тиімді жұмыс істеуі үшін ақпараттық жүйелер мен технологияларды енгізу.

Тұрақты даму:

Климаттың өзгеруін азайту және экономиканы декарбонизациялауды қолдау;

Экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету;

Гендерлік теңдікті ілгерілету.

5.13 Жобаға тартылған сарапшылардың қызметтерінің құны біліктіліктің неғұрлым жоғары деңгейі, халықаралық тәжірибенің болуы, озық технологиялар мен стандарттарды пайдалану, сондай– ақ жобаны іске асыруға байланысты неғұрлым елеулі операциялық шығындар секілді бірнеше объективті себептер бойынша орташа деңгейден асып кетуі мүмкін.

5.14 Тартылатын сарапшылардың еңбегіне ақы төлеуге арналған шығындарды есептеу кезінде қаржы институттарының тартылған қарыздары шеңберінде (2009 жылдан бастап) бұрын жасалған осы келісімшарттардың негізінде есептелген осы ВЕЖ 1– қосымшасына сәйкес АЕК орташа арифметикалық мөлшерлемелер мынадай формула бойынша негізге алынады:

$$(Z) = \frac{Z_1 + Z_2 + \dots + Z_n}{n},$$

мұнда:

(Z) – әр лауазым үшін жалақының орташа арифметикалық мәні;

n – 2009 жылдан бастап қол қойылған, осы лауазымға арналған жалақы туралы мәліметтер бар келісімшарттар саны;

$Z_n$  – осы лауазым үшін i– ші келісімшартта көрсетілген, тиісті жылға арналған АЕК көрсетілген жалақы.

5.15 Қызметтердің түпкілікті құны баға мен сапаның оңтайлы арақатынасы қағидаты бойынша өткізілген тендер нәтижесінде айқындалады.

5.16 Қазақстан Республикасының аумағында тіркелмеген Консультантпен келісімшарт жасалған жағдайда Консультант Қазақстан Республикасында филиалдың тіркелуін қамтамасыз етуге міндетті. Филиалды тіркеу барлық көзделген салықтарды төлеуді қоса алғанда, Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарын сақтау үшін міндетті.

Негізгі лауазымдарға Қазақстан Республикасының резидент– сарапшыларын тартқан кезде мұндай сарапшылардың көтергіш және қоршаушы құрылымдарды қоса алғанда, жауапкершіліктің II деңгейінен төмен емес нысандарға қатысты инжинирингтік қызметтерді орындауға құқығын растайтын қолданыстағы аттестаты болуға тиіс. Аталған талап қоршаған орта мәселелері жөніндегі маман лауазымына қолданылмайды.

Қазақстан Республикасының резидент емес кандидаттарының өз елінің уәкілетті органдары берген ұқсас лицензиялары немесе өзге де ресми құжаттары болуы тиіс, олар жоба шеңберінде мәлімделген лауазымға сәйкес біліктілігін растайды.

Тартылған сарапшыда жоғарыда көрсетілген аттестат болмаған жағдайда, консультант келіссөздер кезеңінде осы сарапшыны жоба талаптарына сәйкес келетін ұқсас немесе неғұрлым жоғары біліктілігі бар кандидатқа ауыстыруға міндетті.

5.17 ВЕЖ шеңберінде қызмет көрсететін консультанттар қажет болған жағдайда өз қызметін орындау үшін өлшеу және бақылау құралдарының, қажетті нормативтік құжаттаманың, сондай– ақ меншік немесе жалға алу құқығындағы аккредиттелген зертхананың (меншікті немесе тартылған) иелігінде болуға міндетті.

5.18 Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Тапсырыс берушімен жасалатын қызмет жауапкершіліктің бірінші және екінші деңгейлерінің техникалық және технологиялық жағынан күрделі нысандардың өлшемшарттарына жататын жобаларда ВЕЖ шеңберінде қаралатын қызметтерді өз құрамында біліктілігі, жұмыс тәжірибесі және тиісті түріне рұқсаты (лицензиясы, аккредиттеуі және т.б.) бар, қарыз алушыдан тәуелсіз аккредиттелген заңды тұлғалар жүргізуі тиіс.

## **6 Негізгі қағидаттар**

6.1 Қаржы институттарын қаржыландыруды тарту шеңберінде сарапшыларды іріктеу кезінде келесіндей кейбір жалпы қағидаттар қолданылады:

жауапкершілік. Қарыз алушының лауазымды тұлғалары сарапшылармен келісімшартты таңдауға және жасауға, сондай– ақ келісімшартты басқаруға жауапты және іріктеу процедурасының ашықтығын қамтамасыз етуге міндетті.

әділдік. Сарапшыны таңдау, ең алдымен, оның техникалық біліктілігіне негізделуі керек, себебі оның тәжірибесі мен дағдылары жобаның сәтті аяқталуын анықтайды. Бағалық ойлар көбінесе іріктеу процедурасының бөлігі болып табылады, бірақ олар жобаның жалпы құнынан төмен мәнге ие, егер техникалық жоба жетілмеген болса, айтарлықтай жоғары болуы мүмкін. Көптеген тапсырмалар үшін техникалық сапа да, сарапшының бағасы да іріктеу әдісінің бөлігі ретінде ескеріледі — сапа мен құнға негізделген іріктеу (QCBS), ал техникалық сапаға үлкен салмақ беріледі. Техникалық сапа басым болатын жобалар үшін сапа негізінде іріктеуді (QBS) пайдалана отырып, тек сапа негізінде іріктеуді жүргізу орынды болуы мүмкін.

тиімділік. Қазақстан Республикасының Үкіметі тартқан қарыздар есебінен қаржыландырылатын нақты жоба үшін даму мақсаттарын ескере отырып, өнімнің келісілген деңгейіне қол жеткізу және нақты нәтижелерге қол жеткізу үшін бөлінген ресурстарды тиісті басқару (бірінші кезекте уақыт пен құн бойынша).

жетілдіру. Жобаны басқару және техникалық қадағалау функцияларын жүзеге асыратын сарапшылар өз білімдері мен дағдыларын жол құрылысы, заңнама, нормативтік құжаттама саласындағы заманауи технологияларды дамытуға сәйкес деңгейде қолдауға, сондай– ақ инжинирингтік қызметтер көрсету кезінде тиісті дағдыларды, қамқорлық пен еңбекқорлықты қолдануға тиіс. Олар тек оларды орындауға құзыреті болған жағдайда ғана қызмет көрсетеді.

парасаттылық. Жобалар шеңберінде тартылатын сарапшылар сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділікті ұстануға міндеттенеді. Олар

инжинирингтік қызмет көрсету кезінде бейтарап пікірге әсер етуі мүмкін кез келген сыйақыны ұсынбайды немесе қабылдамайды.

## **7 Тартылатын сарапшылар қызметтерінің құнын есептеу**

7.1 Қаржы институттарының тартылған қарыздары шеңберінде автомобиль жолдарын салу және қайта құру жобасы бойынша консультациялық қызметтер көрсету үшін халықаралық келісімшарттарда жұмыс тәжірибесі бар сарапшылар тартылады, олар жергілікті келісімшарттарда жұмыс тәжірибесі бар сарапшылармен ынтымақтастықта әрекет етеді.

Біліктілік талаптарына сәйкес Тапсырыс беруші/Қарыз алушы ұсынған консультациялық қызметтерді жергілікті және халықаралық келісімшарттарда расталған жұмыс тәжірибесі бар сарапшылар ұсына алады.

7.2 Халықаралық келісімшарттарда жұмыс тәжірибесі бар сарапшылар қаржы институттары белгілеген біліктілік талаптарына сәйкес тартылады.

7.3 Консультативтік қызметтер мен зерттеулерді жоспарлау кезінде шығындар көлемі қажетті ресурстар туралы, сондай-ақ консультациялық қызметтер көрсету жөніндегі сандық және қаржылық ақпарат негізінде негізделеді.

7.4 Шығындарда жобаны басқару және құрылысты қадағалау жөніндегі қызмет үдерісінде қолданылатын түрлердің жіктелуі, консультациялық қызметтер мен зерттеулердің құрамы айқындалады.

7.5 Консультациялық қызметтің көлемі мен құны олардың күрделілігіне, уақтылығына, сапасы мен көлеміне қарай айқындалады.

7.6 Консультациялық қызметтердің құны қызмет көрсетуге жұмсалатын жұмыс уақытының мөлшерін (адам-айларда) және тартылатын сарапшылардың біліктілігін ескере отырып, олардың жұмыс уақыты бірлігінің құнын есептеу негізінде айқындалады.

Консультацияның құны, ең алдымен, пысықталатын мәселенің күрделілігіне, сондай-ақ кеңесші сарапшының біліктілігіне байланысты.

7.7 Консультациялық қызметтер көрсету шеңберінде жобаның күрделілігі мен қажеттіліктеріне қарай құрылыстың барлық мерзіміне 1-қосымшаға сәйкес халықаралық және жергілікті келісімшарттарда жұмыс тәжірибесі бар сарапшыларды тарту көзделеді.

Сарапшыларың жалпы санын Қарыз алушы жолдың ұзындығына, жобаның күрделілігіне және инженерлік құрылыстардың (көпірлер, көлік айрықтары, су өткізу құбырлары) болуына қарай бекітеді.

7.8 Консалтингтік қызметтер көрсету кезінде мынадай шығындар ескеріледі: жалақы; үстеме шығындар (жабдықтарды, материалдарды жалға алу, сатып алу және амортизациялау, техникалық қызметкерлерге ақы төлеу, іссапар шығындары, пайда және т.б.); салықтар және міндетті төлемдер.

7.9 Консультациялық компаниялардың негізгі өлшем бірлігі сарапшы жұмысының адам-айлары болып табылады.

## **8 ЖБК және ҚҚК қызметтерінің құнын есептеу.**

### **8.1 Қызметтер құнын есептеу.**

Жоспарлы шығындарда жобаны басқару және құрылысты қадағалау жөніндегі қызмет үдерісінде қолданылатын түрлердің жіктелуі, консультациялық қызметтер мен зерттеулердің құрамы айқындалады.

Консультациялық қызметтің көлемі мен құны олардың күрделілігіне, уақтылығына, сапасы мен көлеміне қарай айқындалады.

8.2 Консалтингтік қызметтер көрсету кезінде мынадай шығындар ескеріледі: еңбекақы төлеу қоры, өтелетін шығындар, күтпеген шығындар.

Жоба шеңберінде консультациялық қызметтер көрсетуге арналған шығындардың калькуляциясына сәйкес жоспарлы шығынға сәйкес жалақыға ай сайынғы шығындар, салықтар (*зейнетақы қоры, табыс салығы медициналық сақтандыру, үстеме шығындар және т.б.*), ҚР облыстары бойынша іссапар шығындары және бүкіл кезеңге арналған өзге де шығындар кіреді.

Тартылатын қызметкерлердің қажетті санын және еңбекақы төлеу қорын есептеу кезінде негізге 2009 жылдан бастап осыған ұқсас жобалар шеңберінде жасалған келісімшарттардың негізінде есептелген 1– қосымшаға сәйкес деректер алынады. Мұндай есептеулер болмаған жағдайда, олар ұқсас халықаралық жобалардың деректерін ескере отырып орындалуы мүмкін.

Іске асыру мерзімі 1 жылдан асатын жобалар үшін шығындарды жоспарлау кезінде соңғы 3 жылдағы статистикалық деректер негізінде есептелген инфляцияның орташа деңгейіне индекстеу қолданылады.

8.3 Өтелетін шығындар (жалға алу, материалдарды сатып алу, іссапар шығындары, пайда және т.б.); салықтар және міндетті төлемдер. Күтпеген шығындар бұрын басқа төлем баптарында көзделмеген немесе күтпеген жағдайлар туындаған кезде жобаны іске асыруға байланысты барлық шығындарды қамтиды.

8.4 Есептеу келесі формула бойынша жүзеге асырылады:

$$S = W + V + I + U,$$

мұнда:

S – қызметтердің жалпы құны;

W – еңбекақы төлеу қоры;

V – жалпы өтелетін шығындар;

I – сақтандыру шығындары;

U – күтпеген шығындар сомасы;

8.5 Өтелетін шығындар:

1 сыйақы мөлшерлемелері, тұру және тәуліктік шығындар:

а) сарапшылардың сыйақы мөлшерлемелері осыған ұқсас келісімшарттар шеңберінде бұрын тартылған сарапшылардың мөлшерлемелері арасында орташаланған болып қабылданады және еңбекақы төлеу қоры төмендегі формула бойынша есептеледі:

$$W = R_m \times D_p \times N_e,$$

мұнда:

W – еңбекақы төлеу қоры;

$R_m$  – бір айдағы мөлшерлеме (1– қосымшаға сәйкес);

$D_p$  – жұмысты орындаудың жоспарлы ұзақтығы, ай;

$N_e$  – сарапшылар саны.

Тапсырманың күрделілігі пысықтауға жұмсалатын уақыт мәселесінің мөлшеріне әсер етеді, ал біліктілік сарапшының айлық мөлшерлемесінің мөлшеріне тікелей әсер етеді.

б) жалға алу, іссапар және басқа да шығындарды қоса алғанда, өтелетін шығындардың қалған бөлігі шығындардың әртүрлі санаттарын біріктіретін жалпы формуламен есептеледі:

$$V = R_a + R_p + R_c + S_t,$$

мұнда:

$V$  – жалпы өтелетін шығындар;

$R_a$  – жалға алу шығындары;

$R_p$  – материалдарды сатып алу шығындары;

$S_t$  – негізгі қызметкерлердің әрбір сарапшысы үшін [1] негізінде есептелетін іссапар, тәуліктік шығындар;

$R_c$  – байланыс шығындары.

в) тәуліктік іссапар кезінде әр күн үшін есептерді немесе жоспарлы кеңестерді тапсыру үшін көшпелі іс– шаралар шеңберінде өтеледі.

[1] шеңберінде өтелетін тәуліктік соманы есептеу үшін бұрын жасалған келісімшарттарды талдау негізінде айына бір шығу үшін орта есеппен 5 тәулік келетіні қабылданады.

Күнделікті іссапар шығындарының формуласы:

$$S_t = d \times r \times n,$$

мұнда:

$d$  – іссапардағы күндер саны;

$r$  – [1] негізінде тәуліктік шығындар мөлшерлемесі (тәуліктік, тұрғын үй, көлік және т.б.);

$n$  – сарапшылар саны.

г) қонақ үйге өтелетін шығындар сомасын есептеу үшін осы формула да қолданылады. Іссапарға жіберу кезінде қонақүйлерде орналастыру шығындарына айына бір рет 5 тәуліктен Топ басшысы үшін 1 тәулікке 10 АЕК, іссапарға жіберу сәтінде қолданылып жүрген АЕК– ті қайта есептеуді ескере отырып, [1] 2– тарауына сәйкес қалғандары үшін 7 АЕК– тен артық емес шығындар көзделген;

д) жалға алу шығындары кеңсені, пәтерді және көлікті жалға алу шығындарынан тұрады. Жалға алу шығындарын ( $R_a$ ) есептеу үшін келесі формуланы қолдануға болады:

$$R_a = C_k + C_a + O,$$

мұнда:

$R_a$  – жалпы жалға алу шығындары;

$C_k$  – пәтерді жалға алудың жалпы құны;

$C_a$  – көлік құралдарын жалға алудың жалпы құны;

$O$  – кеңсені жалға алудың жалпы құны.

Ұзақ уақыт бойы тұру: есептеулермен тұруды қамтамасыз ету үшін 1 сарапшыға 15 ш.м. есебінен жобаны іске асыру орны бойынша тұрақты тұруға арналған пәтерлер көзделеді.

Пәтерлерді жалға алу құнын есептеу үшін өңірдегі пәтерлерді жалға алудың 1 ш.м. үшін ең төменгі және ең жоғары құны арасындағы орташа мән қабылданады.

$$C_k = \frac{C_{\min} + C_{\max}}{2} \times N \times D,$$

мұнда:

$C_k$  – пәтерді жалға алудың жалпы құны;

$C_{\min}$  және  $C_{\max}$  – ең төменгі және ең жоғары жалға алу мөлшерлемесі;

$N$  – сарапшылар саны;

$D$  – жалға алу айларының саны.

Автокөлік жалға алу: әр аймақ үшін автомобильдер саны және олардың құны формула бойынша есептеледі:

$$C_a = \frac{C_{\min} + C_{\max}}{2} \times N \times D,$$

мұнда:

$C_a$  – көлік құралдарын жалға алудың жалпы құны;

$C_{\min}$  және  $C_{\max}$  – айына бір көлікті жалға алудың ең төменгі және ең жоғары мөлшерлемелері;

$N$  – автомобильдер саны;

$D$  – айлар саны.

Консультанттар үшін кеңсе бөлмесі жалға алынады, қажетті техника қамтамасыз етіледі.

Кеңсені жалға алу: кеңсені жалға алу құны мына формула бойынша есептеледі:

$$O = \frac{C_{\min} + C_{\max}}{2} \times A \times D,$$

мұнда:

$O$  – кеңсені жалға алудың жалпы құны;

$C_{\min}$  және  $C_{\max}$  – 1 ш.м. үшін ең төменгі және ең жоғары жалға алу мөлшерлемелері;

$A$  – ш.м. кеңсе алаңы;

$D$  – айлардағы жалға алу ұзақтығы.

Байланыс: байланыс шығындары формула бойынша есептеледі:

$$R_c = \left( \frac{t_1 + t_2 + \dots + t_i}{n} \right) \times N \times D_p,$$

мұнда:

$R_c$  – байланыс шығындары;

$N$  – сарапшылар саны;

$D_p$  – жұмысты орындаудың жоспарлы ұзақтығы, ай;

$n$  – байланыс операторларының жалпы саны;

$t_i$  – әр оператордың тарифі.

е) Көлік шығындары. Халықаралық ұшуды қоса алғанда, халықаралық және жергілікті авиатасымалдар үшін қажетті шығындар: халықаралық ұшулар саны жобаны іске асыру барысында жылына екі жаққа 2 сапар есебінен есептеледі, Астанаға жергілікті сапарлар – ай сайын. Ұшу құны кем дегенде 5 алыс бағытта талдау үшін алынған билеттер құнының орташа мәніне сүйене отырып қабылданады, мысалы: Солтүстік Американың, Азияның және Еуропаның ірі қалалары.

Халықаралық ұшулар: халықаралық рейстер үшін рейстер саны және олардың құны келесідей есептеледі:

$$A_{\text{int}} = C_{\text{tic}} \times P \times N,$$

мұнда:

$A_{\text{int}}$  – халықаралық ұшулардың жалпы құны;

$C_{\text{tic}}$  – бір билеттің құны;

P – жобалау кезеңінде бір сарапшының ұшу саны;  
N – ұшулар көзделген сарапшылар саны.

Жергілікті сапарлар: есептер мен жоспарлы кездесулерге Астанаға іссапарлар үшін ай сайынғы шығындар осындай формула бойынша есептеледі.

Бұл формулалар барлық өтелетін шығындарды, соның ішінде күнделікті іссапарды қамтиды.

ж) Қызметкерлерді сақтандыру: сақтандыру шығындары жалақы қорының белгіленген пайызын құрауы немесе нормативтік актілерге негізделуі мүмкін.

з) Күтпеген шығындар: әдетте күтпеген жағдайларға арналған шығындардың жалпы сомасының 5–10% сақталады. Осы жоба бойынша түпкілікті көрсеткіш нақты қаржы институтының талаптарына сәйкес айқындалатын болады.

$$U=T \times 0.1,$$

мұнда:

U – күтпеген шығындар сомасы;

T – бюджеттің жалпы сомасы.

Күтпеген шығындар бұрын басқа төлем баптарында көзделмеген немесе күтпеген жағдайлар туындаған кезде жобаны іске асыруға байланысты барлық шығындарды қамтиды.

